

## МУЗЫКА КӨРКЕМ ДЕТАЛЬ РЕТІНДЕ

Жолдасова Әсел Темірбекқызы

[fkt\\_11@mail.ru](mailto:fkt_11@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Айтуғанова

Көркем мәтінде кейіпкер жанын ашатын, оқиғаға тірек болатын көркем әдістердің көптеп кездеседі. Қазақ әдебиетінің бастауы болып саналатын Орхон Енисей жазба ескерткіштерінде де психологиялық аспектілер көрінеді. Бірақ бұл ескерткіштердегі психологиялық күйлер халық ауыз әдебиетінде кездесетін ертегідегі психологиялық күйлер сияқты, тереңнен ашылған жоқ. Тек, адам қуанса қуанды, жыласа жылады деп қана қойды. Одан тереңін ашып көрсете білген жоқ. Мұнан кейінгі кезеңдегі шығармаларда адамның ішкі көңіл-күйін, сезімін жеткізуде лирикалық сипат басым көріне бастады. Мысалы, «Ләйлі-Мәжнүнді» алып қарасақ, осындай лиризмге толы. Ләйлінің табиғатпен сырласуы, аңсауы, сағынуы үлкен сезіммен берілген, яғни, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңілу, шынайы жеткізу анық байқалады. Жыраулар поэзиясының шығармаларынан да жан туралы мәселе бойынша сөз қозғағандығын аңғара аламыз. Асанқайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар т.б жыраулар шығармашылығынан да жан мәселесіне сөз қозғағанын аңғара аламыз.

Адам жаны нәзік те, терең сезім иірімдеріне толы. Сол сезімдерді жеткізе білуі – автордың шеберлігі болып табылады. Мұндай сезім иірімдерін әдетте, автор өз шеберлігіне сәйкес әртүрлі амал, тәсілдер арқылы жеткізе біледі. Психологиялық аспектілер мен күйлер оқырманның жанын елжіретпей қоймауы, жүрегін жібітпей жібермеуі мүмкін емес. Өз ойын оқырман жүрегіне жеткізуде қаламгердің қолданатын құралдарының бірі – деталь. Психологиялық деталь, заттық әлем, кейіпкерлер әлемі, мінез. Көркем шығармада көркемдік негіз, оң беретін психологиялық аспектілер көптеп кездеседі. Міне, осындай аспектілердің бір түрін айтар болсақ, ол – «психологиялық деталь» ұғымы болып табылады. Негізінен, көптеген зерттеушілеріміз «психологиялық детальдар» мен «заттық әлемді» шатастырып жататыны белгілі. Психологиялық деталь – бұл шығарма идеясы мен тақырыбына арқау болатын деталь, яғни сол деталь, зат арқылы кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекеті, болмыс-бітімі кеңінен ашылатыны даусыз нәрселер. Зерттеуші Г.Пірәлиеваның пікіріне сүйенсек: «Негізі, заттық әлем кейіпкерді толыққанды етіп бейнелеу үшін таптырмас көркемдік кілт. Және ол кезең мен уақытты кейіпкер өмір сүрген психологиялық ортаны терең тану үшін де, кейіпкердің жан-дүниесін жан-жақты ашу үшін де қызмет атқарады. Қазіргі қазақтың көркем прозасында заттық әлем жаңа бір көркемдік деңгейге көтеріліп, тың эмоционалдық бояу алды. Оның айтар ойы, бере емеуіріні, көркемдік қызметі жаңартылды, мағыналық-мазмұндық мәні артты»[1,155]. Бұл пікір заттық әлемді айғақтайды.

Көркем шығармада қолданылып жүрген детальдардың қатарына музыканы жатқызуға болады. Көркем шығармада қолданылған музыка оқырманға шығармадағы кейіпкердің жан-дүниесін, сезімі мен жағдайын айшықтай көрсетуде үлкен рөл атқарады, лирикалық сипатын арттырады. Ол оқиғаға қосымша мән үстеп, жаңа тыныс ашады.

Көркем шығармада музыка суреттеліп отырған оқиғаға лирикалық сипат дарытып, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, оның сезім сырларын тереңнен толғап жеткізеді.

Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладалары» шығармасында әсем әуезді музыка ойнап тұрады. Шығарманың басындағы жапон халқының мамыражай, бейбіт, тыныш өмірінен оқырманды хабардар ету үшін жай ойнап тұрған музыканың да өзіндік қызметі бар. Яғни, шығарманы оқып отырған оқырман сондай бір жайлылықты сезінеді. Осындай сезімде отырғанда жарылыстың басталып кетуі кімді болса да селт еткізіп, бей-жай қалдырмайтыны сөзсіз. Апаттан бұрынғы қаланың кейпі мен адамдардың бейқам тіршілігі кейіпкердің лирикалық шегінісі арқылы берілген. «Жапонның музыкасы да, әлемге таныс сурет өнері де өзінің жаратылыс табиғатынан көшіріп алғандай Сондықтан болу керек, жапон баласы бір бұтаны сындырмайды, жапон көгалдарын адам аяғы таптамайды» [2, 377]. Осы қысқа ғана үзіндіден жапон халқының табиғатын танытып, ешкімге, ештеңеге зәбірі жоқ ниетінен хабардар етеді.

Біз осы тақырыпқа қатысты американдық жазушы Сара Джононың «Таңғы шұғыла» романы арқылы көрсеткіміз келеді. Шығарманы оқу барысында жазушының қарапайым деталь арқылы кейіпкер образын аша түсетініне көзіміз жетеді.

Романда күйеуі мен баласынан айырылып, жаңа өмір бастау үшін Сиэтл қаласындағы су бетіндегі үйлердің біріне көшіп келген журналист әйел Ада Санторинидың өмірін суреттеледі. Ол өзінің жаңа баспанасынан бұрынғы иелерінің құпияға толы сандығын тауып алып, соған зерттеу жүргізеді. Шығармада екі бірдей уақытта болған жағдай қатар, жарыса баяндалады: ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Пенни өмірі мен ХХІ ғасырдың басындағы Ада Санторини уақыты. Романның негізгі идеясы - махаббатты суреттеу. Пенни мен Аданың өмірінде болған ұлы махаббат оқиғаларын баяндауда жазушының тәжірибелі, қырағы екенін көреміз. Кейіпкер психологиясын беруде автор психологиялық детальдарды да ұтымды әрі тиімді пайдаланған. Адамның сезім сырын ашу үшін кейіпкердің есіне бұрын таныс болған фильм, кітап, әндерін түсіреді. Сол арқылы оқырманға кейіпкер хәлін тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Енді осыны шығармадан дәлелдеп көрейік. Шығарманың екінші бөлімінде Ада өзінің жаңа үйіне келіп, жан-жақты бақылап тұрған сәтін жазушы былай суреттейді: «...На кухне готовили много еды. Винные бокалы выстроились в ряд на открытой полке, а на соседней красовались бокалы для шампанского. Я подумала о том, сколько людей прикасались губами к тонкому стеклу, - и, казалось, услышала звук трещеток и радостные крики «С Новым годом!». Были ли они счастливы здесь? Буду ли счастлива здесь я?..» Осы сәтте бас кейіпкер «Старое доброе время» әнін есіне алады. Осы ән арқылы автор нені көрсеткісі келді? Кейіпкер бұны неге есіне алды? Ада өз сүйген жары мен жалғыз қызынан жар басында айырылып қалады. Қайғылы оқиға Аданың көз алдында болғандықтан кейіпкер әлі өз-өзіне келе алмай жүрген сәтін бұл әннің мәтіні толықтай аша түседі. Кейіпкердің күйеуі мен баласын ұмыта алмай жүргенін:

Можно ли забыть старого знакомого

И никогда не вспоминать?

Можно ли забыть старого знакомого

И старое доброе время? - шумағы көрсетеді.

Романның сегізінші бөлімінің соңында Алекс (Аданың жаңа танысы) Адаға ескі әндердің бірін тыңдауды ұсынады. Бұл Аданың әрқашан күйеуімен бірге тыңдайтын «Дождливые дни и понедельники» әні болатын. Автор неге дәл осы әуенді қолданды? Бұл сұраққа жауап беру үшін мәтінге назар аударсақ, жазушының Аданың ешкімге ашпай жүрген ішкі сырын, жесірлік қасіретін, сарғайған сағынышын оқырманға ашуды мақсат еткенін байқаймыз. Әннің әрбір сөзі Аданың айта алмаған мұң-қайғысының көрсеткіші іспеттес.

«Из динамиком поилась композиция «Уплыви со мной» Дэвида Грэя. Я слушала ее и думала, а не хотела ли Пенни вот так же уплыть в неведомые дали?». Бұл 22-бөлінен алынған үзінді. Бұнда автор «Уплыви со мной» әніне назар аудартады. Бұнда бұрынғыдай

кейіпкер сезімін көрсету мақсатында емес, жай ғана оны ойландыру мақсатында пайдаланған. Аданың Пеннидің құпия өлімінің себебін зерттейтінін жоғарыда сөз еттік. Дәл осы әуен Ада Санторинидің шындыққа жақын қалғанын, Пенниді толықтай дұрыс түсіне бастағанын және жақын арада құпияны ашатынын меңзейді.

Көркем шығарманың сегізінші бөлімінде берілген әуен жаңа мақсатта, кейіпкерді жылату, соңғы рет ішіндегісін шығарту мақсатында қолданған. Осы әнді күйеуі Джим үнемі қызына айтып беретін болғандықтан, кенеттен естіген Ада көз жасын тия алмағанын автор өте шебер суреттейді. Алекспен жаңа өмір бастауға қадам басқан Ада Санториниге соңғы рет болашақ жарының алдында өз өткенін еске алу керек болды. Автодың бұл мақсатта балалар әнін пайдалануы – өте терең сезімталдық.

Келесі ән кейіпкердің сол сәттегі халін өте анық көрсетуде өте тиімді материал болды деп еш күмәнсіз айта аламыз. Толықтай түсіну үшін үзінді келтірейік: «Хватит ли у меня решимости, чтобы уехать с ним, или придется остаться с Дексом? От паники меня затрясло, а Декс встал и привлек меня к себе. Радио заиграло композицию «Хожу во сне». Бұл- 29-бөлімдегі Пеннидің ойы. Күйеуінің өзіне жасаған опасыздығынан, қысымынан, өзіншілігіне шыдап баққан Пенни шаршап, басқа жас жігітке ғашық болуына өзіне- өзі рұқсат етеді. Колин деген жігітпен көңіл қосқан ол, сонымен бірге қашып кетуді жоспарлап жүргенде күтпеген сәтте күйеуі үйіне оралады. Екі оттың ортасында қалған Пеннидің арпалысқа толы сезімдерін ән мәтіні толықтай ашып тр.

Мои секреты прожигают сердце насквозь

А кости ломит

Когда что-то режет тебя глубоко

Трудно найти способ дышать

Твои глаза поглотили меня

Зеркала начинают шептать

Тени начинают видеть

Моя кожа душит меня

Помогите мне найти способ дышать

Сара Джо осы романы арқылы, онда пайдаланған әрбір деталь арқылы өзінің қырағы, сезімтал автор екенін артығымен дәлелдеді. Жазушы шығармаға артық ештеңені қоспастан, жеткіліксіз де етпестен, өз деңгейінде қызықты, әдемі жазып шыққан.

Американдық Сара Джоның жесір әйел образын ашуыда, психологиясын суреттеуде музыканы ұтымды пайдаланған. Сол арқылы оқырманға келіншектің ішіндегі қайғы-қасіретін сездіреді. Әйел үшін ең бақытсыздық жалғыз өмір сүру, жарынан айырылу екенін көрсете келіп, балалы болмау, «ана» деген атты иеленбеу бұдан да үлкен қасірет, қоғамдағы аса өзекті мәселе екендігін өз шығармасында қте шебер жеткізе білген.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері – диссертация. Алматы, 2006 – 240 бет.
2. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1: Повестер мен әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1992. – 400 б.
3. С. Джо «Таңғы шұғыла». Москва, 2018.